

Әлем балалар әдебиеті

МАЙН РИД

Жұмбақ  
саат атты










Әлем балалар әдебиеті







*Әлем балалар әдебиеті*

---

МАЙН РИД,  
***Жұмбақ салт атты***

Аударған  
*Әбілмәжін Жұмабаев*

Алматы  
«Балауса» баспасы  
2006

ББК 84(0)

Р

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша  
шығарылып отыр.*

**Ақылдастар алқасы:**

*Ермұхамет Ертісбаев  
Қадыр Мырза Әли-төраға  
Әлібек Асқаров  
Райхан Мәженқызы  
Абылайхан Құлбаев  
Әбілмәжін Жұмбаев  
Оразақын Асқар  
Сұлтан Қалиев*

**Майн Рид.**

**Р 30.** Жұмбақ салт атты. Аударған Әбілмәжін Жұмбаев. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2006. – 568 бет.

Бұл өлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдық-тың бірі.

ISBN 9965-672-39-3

Бұл роман қызықты хикаялар әдебиетіндегі ең таңдаулы туындылардың бірі. Жергілікті халық үндістерге басқыншылардың жасаған зорлық-зомбылығы баяндалатынына қарамастан, шығарма өте тартымды, оқырманын баурап алады.

Р 4804000000  
411(05)-05

ББК 84(0)

ISBN 9965-672-39-3

© «Жазушы» баспасы, 1972

© «Балауса» баспасы, 2005

© Дизайнер Ж.Болатев

## Алғы сөз

Англияның атақты жазушысы Томас Майн Рид 1818 жылдың 4 сәуірінде Ирландияның Баллирони атты шағын қаласында дін қызметшісінің отбасында дүниеге келеді. Әкесі баласының өз жолын қуалап, дінге берілген тақуа болуын қалайды. Бірақ еті тірі, көзі ашық жас өмірден өз орнын, мақсат-мұратын іздейді.

1840 жылдың қаңтарында Майн Рид туған елімен қош айтысып, ол кезде енді ғана Жаңа Дүние деп аталына бастаған Америкаға аттанады.

Бұл кездері Америка Құрама Штаттары шеңгелін жайып, жемтік іздеген жыртқыштай жаңа жер, жаңа рынок, жаңа байлық-қазына көздерін игере бастаған еді. Сол себепті де ол сол араның байырғы тұрғындары үндістерді отпен, окпен, арақ-шараппен, жұқпалы індетпен қырып-жойып, сау қалғандарын отсыз-сусыз құмайттарға, жала-наш тауларға қуып тыққан еді. Ал, АҚШ-тың оңтүстігі қара құлдармен сауда-саттық жасайтын аймақ болып есептелді. Сол аумағы мол уәлаяттың орталығы Жаңа Орлеан қаласы болатын. Жер шарының түкпір-түкпірінен жиналған қулар мен сұмдар, алып-сатарлар мен алаяқтар осы қалаға келіп, тоқайласып жататын. 1840 жылдың басында Майн Рид осынау атышулы бұзық қаладан келіп бір-ақ шығады. Со кезден бастап ұзақ үш жыл бойына күнкөріс тіршілік қамқаракетімен жанталасып бағады. Жұмыс талғамайды. Әуелі тез байымақ болып, саудамен айналысады. Жолы болмай, қалтасы қағылады. Плантацияда қызмет істейді. Актер, мұғалім болып та байқайды. Американың оңтүстігінде жатқан байтақ далалар мен сай-саланы аралайды. Ұлы өзендермен жүзеді. Күллі көрген-білгені кейінгі ғұмырына азық, жүрдек қаламына – шығармаларына өзек болады.

1843 жылы Майн Рид Солтүстіктегі ірі өнеркәсіп Орталығы Филадельфиядан қоныс тебеді де, бірден журналистикамен шұғылданып кетеді. Жас та болса тәжірибесі мол, қиялы ұшқыр дарынды жігіт газет, журналдарға мақала, очерктерді, әңгіме, өлеңдерді бұрқыратып бере бастайды. «Годи Мэгэзин» журналына «Жарлы шәкірт» атымен жазып, көпшілікке кеңінен мәлім болады. Әдеби қауыммен аралас-құралас жүріп, елдің белгілі жазушысы, детектив жаңрының негізін салған Эдгар Помен танысып, дос-жаран болып кетеді.

Бұл кезде әдебиет жазушы өмірінің арқауына айналып кетеді. Олай дейтініміз, 1846 жылы оны Нью-Йорктің ең үлкен газеттерінің бірі арнайы қызметке шақырады. Демек, бұл оның атағы бүкіл елге белгілі бола бастағанының бір айғағы еді. Бірақ дәл сол 1846–48 жылдары Мексика соғысы лапылдай жөнеледі де, ол американ әскерімен бірге майданға аттанады.

Шын мәнінде, бұл соғыс АҚШ билеуші топтарының, Мексикаға ішкі бүліншілікті, азамат соғысын желеу етіп, қазыналы Техас пен Калифорнияның ұлан ғайыр жерін қамтып қалғысы келген бақай есепті отаршыл саясаты екенін көпшілік түсіне бермейтін. Майн Рид те осындай жалған уағыздың құрбаны болған көптің бірі еді.

Нью-Йорк ерікті солдаттарының лейтенанты Майн Рид соғыста жанкешті ерлігімен, талқырлығымен көзге түседі. Оған капитан атағын береді. 1847 жылы Мексика астанасы – Мехиконың түбінде болған шайқаста ауыр жараланады. Жолдастарының көпшілігі оны өлді



екен деп ойлайды. Өйткені қамалда от бүркіп тұрған зеңбіректерге қарсы серіктерімен лап қойғанда, оққа ұшқанын көзімен көрген кісілер табылады. Ақырында, біраз уақыттан кейін өліктер арасынан қансырап талын жатқан жас офицерді тауып алып, емдейді. Майн Рид қаза тауыпты деген хабар еліне де жетеді. Газеттерде азалы хабар да басылады. Бұл туралы жазушы кейін: «Мен өзім екі рет өлген адаммын» – деп күліп отырады екен.

Елуінші жылдар жазушы шығармашылығының ең бір құнарлы жылдары болды. Оның атақ-даңқын күллі әлемге жайған романдарының дені со кезде жазылды. «Ерікті мергендер», «Адамның бастерісіне жерік жандар», «Оцсола – семинолдардың көсемі», «Ақ көсем», «Теңіздің бөлтірігі», «Квартерон әйел» (Америкада бабаларының бірі негр болған адамды осылай атайды) сияқты туындылары ел-жұрттың сүйікті шығармаларына айналады.

Бұл кезде жақсы жабдықталған ғылыми экспедициялар Азия мен Африканың, Америка мен Австралияның жан басаған жерлеріне үсті-үстіне жіберіліп жатты. 19-ғасырда ұлы саяхатшылар жалпы халық құрметтейтін аса ардақты азаматтар қатарында саналатын. Майн Рид өзінің Лондондағы жазу кабинетінен шықпай-ақ, осынау ұлы ғылыми жорықтардың бәріне ойымен қатысып, зерттеп, оқып біліп отырды. Ол ғылымға негізделген қызықты хикаяларына сондай саяхатшыларды, табиғат сырын зерттеуші ғылым адамдарын басты қаһарман етіп алады. Сөйтіп өзі сияқты арманшыл, қиялшыл оқырман қауымға адамзат ақыл-ойының жетістіктерін қызғылықты, тартымды етіп айтып беруге тырысады. Бұған көзінді жеткізу үшін оның «Жартасқа өрмелеушілер», «Өсімдік іздеушілер», «Балғын бұрлардың саяхаты», «Жиограф аулаушылар» сияқты романдарын оқып шыққан орынды болар еді.

Майн Ридтің жоғарыда аталған «Ақ көсем» (1855), «Оцеола-Семинолдардың көсемі» (1858) атты романдарында үндіс тайпаларының испан мен американ басқыншыларына қарсы жанқиярлық күресі бейнеленеді. Оцеола образын жасау арқылы жазушы күллі үндіс халқының азаттық пен әділдік жолындағы шайқасын, ерлігін көрсетеді. Жазушы «Марондар» атты романының талай тарауын ағылшындардың «Тірі тауармен» – құл негрлермен сауда жасайтын жиіркенішті әрекеттерін көрсетуге бағышталады.

Ал Майн Ридтің «Жұмбақ салт атты» романы қызықты хикаялар әдебиетінің XIX ғасырдағы ең таңдаулы туындыларының бірі. Оңтүстіктің тамылжыған айлы түніндегі бір тылсым оқиғадан басталатын роман сюжеті барған сайын ширап, оқырманды еліктіріп ала жөпеледі. Мұнда Техастың көркем табиғаты ғажап шеберлікпен суреттеледі. Сол жердің байырғы тұрғындары үндістерге бүйідей тиген янкилердің Техас алқабын қалай игергені, олардың басқыншыларға тән озбыр, оспадар мінез-құлқы, салт-санасы толық бейнеленеді. Бұл роман 1972 жылы «Жазушы» баспасынан 41.600 таралыммен ана тілінде басылып шыққан еді.

Романның авторы 1883 жылы Лондонда өз үйінде қайтыс болады. Бірақ оның «Жұмбақ салт аттысы» бәйге күреңін жортақтатып, әлі күнге дейін әлемді аралап жүр...

*Әбілмәжін Жұмбабаев*

## ПРОЛОГ

**К**өк шалғынды кең даланың тамылжыған түнінде жусап жатқан Техас бұғысы шапқан ат тұяғының тасырын естіп елең етті.

Сонда да балауса-балғын жайын қимай, манаурап жата берді. Иен даланың иесі бір өзі ғана емес, түнгі салқын самалмен осы маңда мустангтар да жайылып жүреді. Ол тек басын кекшитіп, әлгі дыбыс шықпас па екен деп тың тыңдап еді, жайқалған биік шалғыннан арбиып мүйізі көрінді.

Әне, ат тұяғының тасыры тағы да естілді, әлгіден гөрі анығырақ. Темір шылдыры, шар-болаттың тасқа соққан дыбысы келді.

Осы бір жайсыз дыбыс бұғының зөре-құтын қашырып, апшысын қуыра келді. Ол атып тұрып, кең даламен зыта жөнелді; әудем жерге барғасын, түн ұйқымды бұзған қай жазған екен деп одырайып артына қарады.

Оңтүстіктің тамылжыған айлы түнінде ол ата жауы – адамды көрді. Суыт жүрісті салт атты ентелеп жақындап-ақ қалыпты.

Үрейі ұшқан үркек бұғы тағы безе жөнелмекші болды да, салт аттының сырт келбетінен оқыс бір өзгерісті байқап, состиып тұрды да қалды. Ол артқы аяғын бүгіп, денесі дір-дір етіп, кейінге қараған сайын күрең көзін бір беймәлім үрей басып, құты қаша берді.

Әне бір беймәлім кісіге бұғы байғұстың соншама шоши қарағаны несі екен?

Ол аттан шошыды ма? Олай дейін десе, ерттеулі, жүгендеулі атта жан шошырлық түсініксіз ештеңе жоқ сияқты. Бәлкім, бұғыны шошытқан кісінің өзі шығар? Иә,

оны үркіткен де, қорқытқан да сол ат иесі; оның сыртқы әлпеті кеспірсіз бір құбыжық.

Құдай-ай, сақтай гөр! Салт аттының басы жоқ қой!

Ақылсыз хайуанның өзі де оны бірден байқады. Бұғы бір сәт бұл қайдан шыққан құбыжық, деп анырып тұрды да, қорыққаннан есі кетіп, басы ауган жаққа қарай зыта жөнелді. Сол бетімен Леона өзенін көктей өтіп, сұмдық салт аттыдан тасқын су құтқарды-ау деген кезде барып бір-ақ тоқтады.

Үрке қашқан бұғыны көрмеген-сезбеген жандай-ақ, оған тіпті назар аудармастан салт атты маңып барады.

Ол да өзенге беттеген, бірақ аспай-саспай, жайбарарат сыпайы-сұлу жүріспен келеді.

Әлдене ойына түскендей, салт атты тізгінді бір сәт босатып еді, еркіндікті сезген жануар шөп басын шала бастады. Шүйе бөрінің ұлыған даусынан оскырынып, ат құлағын қайшылап, жер тарпып тұра қалған кезде де, салт кісі иә дыбыс беріп, иә қозғалып, тірлік нышанын білдірмеді.

Шамасы, ол бір қалың ой тереңіне түсіп кетіп, уақ-түйекке көңіл бөлмей келе жатқан сияқты. Ләм деп сыр түйінін шешпейді. Оның тылсым сырының куәсі – үріккен бұғы мен жаяу ат, қаңғыған қасқыр мен түн ортасындағы ай ғана.

Салт атты үстіне серале (мексика плашы) киіпті, түнгі самал қаққан етегін тақымына қыса басқан, аяғында ягуар терісінен тігілген гетр. Түннің дымқыл сызы мен жылы үйектің әсерінен сақтана киінген жолаушы, аспанда жымың қаққан жұлдыздар сияқты, шөп ішінде шырылдаған шегіртке мен киімін желбіреткен самал сияқты бейқам, үн-түнсіз жылыстай жортып барады.

Бір кезде салт атты селт етіп, қалың ойдан оянды білем – астындағы аты бұлаң құйрыққа басты. Өне, жануар ауыздығын шайнап, көңілді кісінеді де, қос танауы делдиіп, тізгінін жұла тартып, желе-жортақтап барып, шаба жөнелді: жақыннан өзен-су исін сезген жануардың асыққан түрі еді бұл.

Ол ағыны қатты асау өзенге қойып кетіп, су иесінің қонышынан құйылғанша тоқтамады. Тұнық суды әбден

қанып ішті де, өзенді көктей өтіп, төскейге ойнақтап шыға келді.

Мінген аты сілкініп судан тазарсын дегендей, молақ салт атты қабаққа шыққасын сөл ғана кідірді. Со замат дүр сілкінген аттан бұрқырай көтерілген бозғылт тұман арасынан ер-тұрманның шылдыры естілді.

Бассыз салт атты сол тұман ішінен суырылып шығып, әрі қарай жүре берді. Иесі тақымын басып, тізгінін тежеңкірей ұстады ма қалай, әйтеуір ат енді бұлтақтамай, үйреншікті жолмен жүргендей бөкен бүлкекпен құлдырап, алыстай берді.

Маңдай алды сонау көкжиекке дейін көсіліп жатқан қылтанақсыз кең жазық. Зеңгір аспан аясынан кентаврд<sup>1</sup> бүлінген мүсіні сияқты жұмбақ жанның бейнесі қыландайды. Ол бірте-бірте ұзап, сүттей ай жарығына малынған сырлы даланың қойнына сіңіп жоқ болды.

## I тарау

### ӨРТЕНГЕН ДАЛА

**К**өне испан қаласы Сан-Антонио-де-Бехардың түскей бетіндегі жүз шақырымдай жерде, Техастың ұлан-ғайыр кең жазығында, шөкім бұлты жоқ көкшіл аспан күмбезінен күн шаншылып төніп тұр. Шақырайған ақ шағырмақ тағы түзде ұшыраса бермейтін әлденелерді көз алдына көлденеңдеп тарта береді – тірі жан баласы баспайтын жерден қараң-құраң бір тірлік нышаны байқалады.

Қанша алыста бара жатса да, оның, күймелі керуен екенін айқын ажыратуға болады: әрбір арба үстінде төңкерілген ақ шатыр.

Олардың жалпы саны он: сауда керуені деуге де, өкімет кіресі деуге де болмайды, көзге қораш, көңілге олқы. Бұл, дәу де болса, теңіз жағасына жуырда келіп

<sup>1</sup> Кентавр – ежелгі грек аңызында айтылатын жартылай адам, жартылай ат бейнесіндегі мақұлық.

түскен, енді Леона өзенінің бойындағы жаңа мекендердің бірінен қоныс тебуге келе жатқан көшті-қонды біреу шығар, шамасы.

Тырнадай тізілген күймелердің құлазыған құба түзде мимырт жылжып келе жатқаны сондай, тіпті бір орында қимылсыз тұрғандай болып көрінеді; арбалар арасындағы қараң-құранға қарап, оларға көлік жегілгені байқалады, ал үрке қашқан бөкендер мен шиқылдай ұшқан шілдерге қарағанда, көштің қозғалып бара жатқаны байқалады. Жан-жануар, ит-құстардың бәрі жапан түзден бұларға не жоқ екен деп таң қалғандай.

Осылардан басқа қу медиен құла түзде тірлік нышаны білінбейді. Шаңқай түс кезінде шөл-жазирада тірі тышқан да болмайды, сая-саяны сағалап, жасырынып жатады. Тек атақ пен бақ қуалаған нысапсыз адам ғана тамылжыған табиғат тыныштығын бұзып, қайнаған күнге карамай жүре берді.

Сол сияқты мына керуенбасы да от шашқан талма түстің шағында тынымсыз жол тартып барады.

Әрбір арбаға сегіз қашырдан жегіліпті. Олар қисапсыз азық-түлік, қымбат бағалы асыл жиһаз, дүние-мүлік, қара нәсілді күндер мен олардың бала-шағасын әкеле жатыр; ал, қара құлдар болса көлікпен қосарлана жаяу жүріп келеді, кейбіреулері аяғы тілім-тілім болып, кіре соңынан әзер ілбиді. Көш басында Кентуккидің жарау қашырлары жегілген жеңіл күйме; оқа-зерлі киім киген қара көшір ыстықтан пысынап отыр. Осының бәрі бұл келе жатқан терістіктен жаңа қоныс іздеп шыққан кедей көшпенді емес, алдында құтты мекен-жайы бар, енді соған үй-іші, дүние-жиһазымен, құл-күндерімен ағып-тамып келе жатқан оңтүстіктің шіріген байы екенін танытқандай.

Расында да, бұл Матагор шығанағындағы Индианол портына үй орманымен келіп түскен, енді, міне, даланы кесіп өтіп, өзінің жаңа мекен-жайына бара жатқан плантатордың көші еді.

Көшке ерген салт аттыларды, әдетте, плантатор Вудли Пойндекстердің өзі бастап жүреді, ол елулер шамасындағы, ұзын бойлы, қапсағай, қуқыл тартқан сарғыш

өнді, кекірейген суық кісі. Киімі жұпыны болғанымен қымбат. Үстінде мауты желең, қара атлас желет пен шұға шалбар. Желетінің омырауынан жағасын қара лентамен көмкерген торғын көйлегі көрінеді. Үзенгіге салған аяғында жұмсақ былғары башмақ. Дағарадай қалпағынан плантатордың бетін күн шалмайды.

Оның екі жағында үзенгі түйістіріп, екі салт атты келеді. Олардың бірі жиырмалар шамасындағы жігіт те, екіншісі одан алты-жеті жастай үлкен сияқты.

Біріншісі – Пойндекстердің баласы. Жарқын жүзді, жайрандаған жас жігіт, түсі суық, әкесіне де, бүйідей түксиген үшінші жолаушы – жиен ағасына да ұқсамайды.

Бозбаланың үстінде көгілдір кенептен тігілген француз блузкасы, шалбары да содан. Күні күйіп тұратын түстікке ыңғайлы осы бір жеңіл киімі де, ақ панамасы да жігітке күп жарасып тұр.

Оның жиен ағасы – отставкадағы офицер-волонтер, үстіне қара көк шұғадан тігілген әскери форма, басына шұға фуражка киіпті.

Олардың соңын ала тағы бір салт атты келеді, ол да ақ нәсілден сияқты, бірақ өңі қоңырлау. Бет-жүзі де, киген киімі де тұрпайы, оң қолындағы қамшысын ысқыртып, үйіріп қоюына қарағанда, анау қара бейбақтардың қаққанда қанын, соққанда сөлін алатын азаптаушы атарман екені бірден байқалады.

Кабриолет пен ландо тәріздес жеңіл күйме – «карриоле» ішінде екі қыз отыр. Олардың біреуі аршыған жұмыртқадай аппақ болса, екіншісі қап-қара. Бұл Вудли Пойндекстердің жан дегендегі жалғыз қызы мен оның қара күтушісі.

Жолаушылар Миссисипи бойынан, Луизиана штатынан келе жатыр. Плантатордың өз басы – сол штаттың тұрғыны, яғни креол<sup>1</sup> емес. Оның баласының бет-пішініне, әсіресе, оқтын-оқтын күйме пердесінен сығалап қоятын қызының үлбіреген сұлу жүзіне қарағанда, бұлардың содан жүз жылдай бұрын Атлант мұхитын

---

<sup>1</sup> Креолдар – Америкаға ертеректе көшіп барған француздардың немесе испандардың үрім-бұтағы, олар өздерінің тілін сақтаған.

көктей өтіп келген көп көшпенділердің бірі француз эмигрант әйелінің жұрағаты екенін аңғаруға болады.

Аумақты қант плантациясының қожасы Вудли Пойндекстер оңтүстіктің аса тәкаппар, шашпа да қонағуар ақсүйектерінің бірі еді. Ақыр соңында ол мал-мүліктен айрылып, кедейленіп, Миссисипидегі мекен-жайын тастап, үй-ішімен, қолында қалған азғантай негрлерімен оңтүстік-батыс Техастың елсіз-күнсіз жазирасына келе жатқан сиқы осы.

Күн шақырайып тас төбеге шықты. Жолаушылар ілбіп, өз көленкесін өздері басып келеді. Ми қайнатарлық ыстықтан бусанған ақ адамдар ат үстінде мүлгіп отыр. Ыстыққа төзімді негрлердің өзі де әңгіме-сөзді қойып, күймелердің сонынан үнсіз ілбіп келеді.

Өлік қоярдағыдай тылсым тыныштықты әлсін-әлі атылған пистолет үніндей боп тарс еткен шыпыртқы дыбысы мен қара күймешінің біреуінің көнтек ернінен шыққан «уоа» деген қоңыр даусы бұзады.

Қаранғыда қарманғандай керуен марғау жылжиды. Жол дейтін жол да жоқ. Тек бір кезде жүріп кеткен арбалар дөңгелегі басып, жаншылып қалған шөптер арасындағы сілемнен бөтен ештеңе жоқ.

Қанша баяу жүрсе де, қашырлар әлі болдырар емес. Плантатордың шамалауынша, жаңа мекенге енді жиырма мильден артық қалған жоқ. Ол қаранғы түскенше сонда жетпек. Шаңқай түстің ыстығын елемей суыт жүріп келе жатқаны да сол.

Кенет атарман арбакештерге тоқта деген белгі берді. Әудем жерге желе жортып барған, ол алдынан бір бөгет көргендей тізгін тежеді.

Сосын далақтап кейін шапты. Әлденеден шошыған сияқты. Тағы не болып қалды? Үндістер емес пе екен? Олар осы маңға соғып кетіп жүреді деуші еді.

– Мистер Сансом, не боп қалды? – деді плантатор атарманы қасына жақындағасын.

– Шөптің бәрі өртеніп кетіпті. Далаға от қашса керек.

– Өрті несі? Өртеніп жатқан дала көрінбейді ғой? – деді керуен басы күйме жаққа мазасыздана көз тастап. – Көне, қайда? Түтін де байқалмайды.

– Жоқ, сэр, – деді атарман жұртты бекер үркіттім бе дегендей, – мен дала тап қазір өртеніп жатыр дегенім жоқ, мен дала өртеніп кетіпті, қап-қара болып күлі шығып жатыр дедім.

– Ендеше, саспа! Меніңше, біз жасыл даламен қалай жүрсек, күйген даламен де солай жүре береміз.

– Жоқ нәрседен соншама шу шығарған сен оңбассың, Джош Сансом! Әй, күйелеш немелер, қозғалындар! Айдаңдар! Айдаңдар, көлікті!

– Капитан Колхаун, сонда біз жолды қалай табамыз? – деді атарман өзіне тіл тигізген кісіге.

– Жолды іздеп қайтеміз? Есің дұрыс па өзіңнің? Соншалық біз адасып па едік?

– Иә, адастық па деп қорқам. Жол сілемі көрінбейді, өртенген шөппен бірге жоғалып кетсе керек.

– Сол да сөз болып па! Өртенген жермен сүрлеусіз жүруге болмайды деген. Өртеннің ар жағына шыққасын тауып аламыз жолды.

– Иә, сол ар жағы дегеніңіз қалса жақсы болар еді-ау. Ат үстінен қанша қарасам да, көре алмай тұрмын-ау соны! – деді атарман бей-жай, ол өзінің шыққан тегі Шығыс штаттардан болса да, ұлан даланың сонау батыс жиектерімен де сан рет жүрген, сол себепті де шекара бойындағы ел тірлігінен де хабардар еді.

– Айда, қара күйелеш немелер! – деді Колхаун дігірлеп.

Ол атына тақымын басып, шаба жөнелді, бұл өмірім орындалсын дегені болса керек.

Керуен қозғала беріп, өртеннің шетіне келгенде, тағы да аялдады. Енді қайтеміз дегендей салт аттылар иіріліп тұра қалды. Хал мүшкіл еді; қап-қара болып жазылып жатқан жалтан далаға бір қарағаннан-ақ олар мұны іштей біле қойды.

Төңіректе күйе жалағандай жаланап жазықтан басқа көз тоқтатар бұдыр жоқ. Не бір көгерген бұта, не бір тал шөп болсайшы. Өрт жақында ғана, жайсыз ыстықтан қашқан сияқты. Жапан түздің көкорай шалғыны да, алуан түсті гүлдері де жалын шарпып, күлге айналыпты.

Айналадағы көз жетер жердің бәрі қара жамылған-



дай қасірет кебін шертеді. Енді зеңгір көктің де өні өзгеріп, тұнжырап қалыпты, күн көзін бұлт баспаса да, қаралы жерге қарап мұнарланып кеткендей.

Атарманның айтқаны келді; жолдың сілемі де көрінбейді. Ұлан даланың, масатыдай қалың шөбін жалмаған өрт сүрлеуді де сипап жалап кетіпті.

– Енді қайттік? – Бұл сұраудың иесі плантатордың өзі, даусы – неғыларын білмей сасқан адамның даусындай.

– Қайткені несі, Вудли аға?.. Әрине, ілгері жүре береміз. Өртеннің арғы бетінде өзен бар. Егер өткелдің тұсынан шықпасақ, өзенді бойлап бір жарты шақырымдай иә төмен, иә жоғары жүрерміз... Оны бара көрерміз...

– Кассий, шырағым-ау, сөйтіп жүргенде адаспаймыз ба?

– Жоқ, адаспаймыз... Меніңше, өртең шалған аймақ онша үлкен көрінбейді. Жолдан сәл-пәл ауытқып кетсек, оқасы жоқ; ерте ме, кеш пе, әйтеуір өзеннен барып шығамыз ғой.

– Мақұл, қарағым. Саған сендім, сенің-ақ айтқанын болсын.

– Қам жеменіз, аға. Мен мұндайдың талайын көргем... Ал, кеттік, негрлер! Еріңдер, сонымнан!

Осыны айтты да, отставкадағы офицер күйме жаққа, пердені ысырып, сығалаған қыздың абыржыған сұлу жүзіне қоқилана көз тастады. Колхаун атын қос өкпеден тепкілеп, текіректен шаба жөнелді.

Ысқырған шыпыртқы үнімен қоса он шақты қашыр тұяғының дүбірі дөңгелектер сықырына ұласып кетті, Керуен қайта жолға шықты.

Қашырлар бұлкілдеп желіп келеді. Қап-қара өртеңге көзі үйренбеген жануарлар әлденеден сескеніп ширап алған; тұяғы жерге тиер-тимес безіп келеді. Жас қашырлар үркектеп, осқырынып қояды. Бірте-бірте олар да байыз тауып, кәрі қашырлар сонынан мөлтендеп ере берді.

Керуен осы бетімен бір шақырымдай жер жүрді. Сосын тағы тоқтады. Оны тоқтатқан әлгі көш бастамақ болған сабаздың өзі. Ол тізгінін тартты, бағанағыдай

өрепкімейді, басылып қалыпты. Шамасы, қалай жүрерін білмей, анырып тұрғанға ұқсайды.

Жер бедері қайбір жетіскен бедер дейсің – біраз өзгерген сияқты, бірақ жақсылық нышаны білінбейді. Төңіректің бәрі сонау көкжиекке дейін қап-қара. Тақтайдай жазық енді белес-белес болып толқынданып жатыр. Адырлар арасы сай-сала. Ағаш, бұта жоқ деуге болмас, бірақ қалған-күтқан күйіктің ағаш сиқы қалмапты. Өрт шыққанға дейін бұл маңда алгаробо, мескито сияқты ағаштар, акацияның кейбір түрлері жеке-жеке болып та, шоқтанып та өседі екен. Олар қою жапырағынан айрылып, қара күйік қалпы сидиып-сидиып қалған.

– Сен адасқан жоқсың ба, досым? – деді плантатор жалма-жан жиен інісінің қасына келіп.

– Жоқ, аға, өзiрге адасқан жоқпыз. Мен әншейін жан-жағыма бір қарап, төңіректі шолып алайын деп ем. Біз мына бір ойпаңмен жүруіміз керек. Керуен қозғала берсін... Бет алысымыз дұрыс, оған шәк келтірмеңіз.

Керуен қайта жүріп кетті. Еңіспен төмен түсіп, сайды бойлап барып, жана бір дөңеске көтеріліп, тағы аялдады.

– Сен жолдан адасып қалдың ғой деймін, Каш? – деді плантатор інісіне жақын келіп.

– Құрып қалсын! Сенің күдігің дұрыс па деп қорқам, аға. Өзің айтшы, мына өртеңнің арасынан шайтанның өзі де жол таба алмас!.. – Жеңіл күйменің таяп келіп қалғанын көрген Колхаун кенет: – Жоқ, жоқ! Енді маған бәрі де аян болды. Біз дұрыс жүріп келеміз. Өзен сонау алдымызда. Кәне, кеттік! – деді.

Капитан қалай жүрерін өзі білмесе де, атын тебініп алға шықты. Күймелер оның соңынан ере берді; бірақ арбакештер Колхаунның абыржып бара жатқанын байқап қалды. Олар және кіренің тіке жүрмей сай-сайды қуалап, күйік тоғай арасында айналсоқтап жүргенін де сезді.

Әне, бастаушының көңілді даусы шығып еді, жолаушы да сергіп сала берді. Шыпыртқылар сартылдап, жадыраңқы дауыстар естіле бастады.

Жолаушылар қайтадан жолға шықты, бұларға дейін

осы жолмен он шақты арба жүріп өткен сияқты. Шама-сы, олар өткелі көп болмаған, тап жаңа ғана жүргендей доңғалақ пен ат тұяғының ізі сайрап жатыр. Өртенген даланы басып, өздері сияқты бір керуен өткен тәрізді.

Өздері сияқты ол керуен де Леона өзенінің бойына қарай бет түзепті. Бәлкім, ол Индж бекінісіне бара жатқан өкімет кіресі болар. Ендеше солардың ізімен жүре берген дұрыс. Бекініс те осы жақта, тек жана мекен-жайдан әрірек болса керек.

Мұндай желі оңынан тұра бермес. Әбігері шыққан Колхаун қайратына мініп, жадырап сала берді, мардамсып мақтанған күйі: «Әй, қозғалындар!» – деп жарлық берді.

Бір шақырымдай ма, әлде, одан көп пе, әйтеуір керуен әлгі соны ізді қуалап жүрді де отырды. Бұ жол да ілгері жүрмей, күйік тоғайларды аралап кетті. Мардамсынған Колхаунның қабағы салынып, ұнжырғасы түсті. Ал, қазіргі малданып келе жатқан қырық төрт доңғалақтың ізі – бір күйме мен он жабық арбаның, Матагорда шығанағынан шыққалы бері жұбын жазбай бірге келе жатқан өз керуенінің ізі екенін білгенде, Колхаунның жаны шығып кете жаздады.

## II тарау

### БҰҒАЛЫҚ ІЗІ



удли Пойндекстердің керуені өз ізімен өзі жүріп келе жатқанына күмән қалмады.

– Өзіміздің ізіміз! – деді күбірлеп Колхаун; бұған көзі әбден жеткеннен кейін ат басын тартып, әлдекімді келістіріп бір боқтап алды.

– Біздің ізіміз? Сонда не айтпақсың, Колхаун? Шынымен-ақ, біз...

– ... Өз ізімізді өзіміз шиырлап келеміз. Менің айтайын дегенім де осы еді. Біз айналып отырып манағы орнымызға келіппіз. Міне, мынаған қараңызшы: мынау менің атымның артқы тұяғының таңбасы – тағаның жар-

тысы түсіпті, ал мынау негрлердің іздері. Мен енді осы араны да айнытпай танып тұрмын. Мынау, бағана біз соңғы рет аялдағанда түсетін еңісіміз. Шайтан айналдырды деген осы-дағы, құр босқа екі мильдей жер жүрдік!

Колхаун енді сасқалақтап, қысылып қана қойған жоқ, қатты өкініп, қынжылып та тұр. Керуен бастаушының жоқтығына әуелі өзі кінәлі. Индианолден жалдап алған кісі соңғы аялдамаға дейін бастап келген. Бірақ сол жерде өр кеуде менмен капитанға ерегісіп, есеп айырысып, кейін қайтып кеткен.

Осының бәрі есіне түскенде және әліне қарамай керуенді бейтаныс жолмен бастай жөнелгенін ойлағанда, плантатордың жиен інісі ұялғаннан жерге кіріп кете жаздады. Жеңіл күйме жақындай келіп, жаудыр көз мұның берекесі қашып, абдырап сасып тұрғанын көргенде, жігіттің салы суға кеткендей тіпті тұнжырап кетті.

Пойндекстер енді қайтып сауал бермеді. Адасқандары көпке аян. Тіпті жалаңаяқ жаяулар да өз іздерін танып, осы арамен екінші рет жүргенін білісіп жатыр.

Керуен қайта тоқтады: салт аттылар дабырласа кеңесіп тұр. Жағдай қиын. Плантаторды мазалайтын да осы әй. Бұрын қараңғы түскенше көздеген жерімізге жетеміз ғой деп ойласа, енді ол үміт кесілген сияқты.

Бірақ бөленің бәрі осымен біте қойса жақсы. Тағы не боларын кім білген? Өртенген далада қауіп-кәтер аз деп кім айтар. Бәлкім, осында түнеуге тура келер, сонда қашырларды қайдан суарады? Осы шөлде пәлен күн түнеп қалса қайтеді?

Енді жолды қалай табады? Күн екіндіге таяп барады, шүкір, өзiрге оның қалай жылжып бара жатқаны белгілі, тіпті біраздан кейін де бағыт-бағдарды анықтауға болады. Бірақ одан не пайда? Батыс пен шығыстың, түстік пен терістіктің қайда жатқанын білсек те, жолдан жаңылып қалып сорлап тұрған жоқпыз ба?

Колхаунның да аптығы басылған. Ол енді көш бастаудан жалтаратын сияқты. Қара басып тал түсте адасқасын қайта жол бастауға жүрегі дауалар емес. Олар өзара он шақты минут кенессе де, ешкім жартымды ақыл

таппады. Олардың бірде-бірі аспан мен күн көзін торлап қана қоймай, маңына жуыған жанның бәрін кір-қожалақ еткен қара шөлден қалай құтыларын білмеді.

Зәулім биіктен топ-топ қарақұс көрінді. Олар қалықтап жақындай берді. Кейбіреулері суылдап жерге қонып, қалғандары адасқан жолаушылардың үстін айналып, шарықтап жүр. Осынау құзғындар бір сұмдықты шақырғандай.

Жыландай жылжып тағы да он минуттай уақыт өтті. Кенет ұнжырғасы түскен жұрттың жүзі жадырап сала берді. Олар керуенге қарай шауып келе жатқан салт аттыны көрді.

«Көктен тілегенін жерден берді» деген осы да! Қу медиен құла түзден енді кісі көреміз деп ойлап па еді олар. Жолаушылардың көзі шырадай жанды, енді құтылдық десті олар бері келе жатқан салт аттыға қарап.

– Ананың бізге келе жатқаны рас қой? – деді плантатор өз көзіне өзі сенбей.

– Иә, әке, ол тура бізге қарай беттеп келеді, – деді Генри. Сосын ол жалғыз атты жолаушының назарын аудармақ боп қалпағын қолына алып бұлғап, айқайлай бастады.

Салт атты ошарылып тұрып қалған керуенді онсыз да көрген екен. Арғымағын ағындатып дауыс берер жерге келіп те қалды.

Ол кірені жанай өтіп, плантатор мен оның серіктерінің жанына келгенде ғана ат басын тежеді.

– Мексикан ба өзі? – деді Генри бәсең бейтаныс кісінің бетіне қарап.

– Онда тіпті жақсы болды. Жолды айнытпай табады, – деді әкесі оған жәй ғана.

– Киімі болмаса өзі мексиканға ұқсамайды. Мен оны қазір біле қояйын, – деді Колхаун күбірлеп. – *Buenos dias cavallero! Esta vuestra Mexicano!* (Армысыз, жігітім! Сіз мексикансыз ба?)

– Жоқ! – деді жігіт жымып. – Мен мексикан емеспін. Егер көңіліңіз қаласа сізбен мексиканша да сөйлесе берем, бірақ ағылшынша сөйлесек, сіз жақсы түсінерсіз деп шамалаймын, ол сіздің ана тіліңіз ғой? Солай емес пе?

Колхаун жаңа қате сөйлеп қойдым ба, әлде сөзге тілім келмей қалды ма деп қуыстанды да, жігітке жауап қатпады.

– Біз американымыз, сэр, – деді Пойндекстер жігіт сөзіне шамданыңқырап. Бірақ қолқа салғалы тұрған кісіні ренжітіп алмадым ба дегендей: – Иә, сэр, біз американымыз. Түстік штаттардан боламыз, – деді тағы да.

– Оны ана жарандарыңызға қарап білу қиын емес, – деді жігіт құл негрлерге қарап мысқылдай күліп. – Және осынау жазирамен тұңғыш рет сапар шегіп келе жатқандарыңызды да білу қиын емес. Жолдан адасып қалдыңыздар ма, қалай?

– Иә, сэр, мейірім жасап өзіңіз болыспасаңыз, біз енді жолды қайта таба алатын түріміз жоқ.

– О не дегеніңіз, мырза! Әлгіде осы сахарармен келе жатып, күтпеген жерден сіздердің іздеріңізді көрдім. Адасып кеткендеріңізді содан біліп, көмектеспекке келіп тұрған бетім осы.

– Мұныңыз өте дұрыс болған. Біз сізге қатты ризамыз, сэр. Менің есімім Пойндекстер, Луизиана штатында тұратын Вудли Пойндекстермін. Леона өзенінің бойынан, Индж бекінісіне жуық жерден мекен-жай сатып алғам. Біз соған жарық кезде жетеміз бе деген едік. Сіз қалай ойлайсыз, жете алар ма екенбіз?

– Әрине, егер мен айтқан жермен жүрсеңіздер, жетесіздер. – Бейтаныс жігіт озыңқырап барып тоқтады. Ол жолаушылардың қалай қарай жүретінін анықтау үшін жер шамасын бағдарлап тұрған сияқты. Төбе басында қимылсыз тұрған салт аттының өзі бір сұлу сурет еді.

Араб шейхы ұялмай мінетін бөйге күреннің мүсінінде мін болсайшы: қой мойынды, қоян жақ, салқы төсті, күлте құйрық, майда жалды жел жетпестің өзі. Ал, ат иесінің де тал бойында бір мін жоқ, жиырма бес-тер шамасындағы көркем жігіт, үстіне мексикан ранчеросының<sup>1</sup> сәнді костюмін киіпті. Оның үстінде барқыт күртке, бұтында балағын нақыстап тастаған шалбар,

---

<sup>1</sup> Ранчero – малды бай.

аяғында— жабайы егіз (бизон) терісінен тіккен шпорлы етік; ал қызыл жібек белбеумен белін қынай буып алыпты; басында — оқа-зермен жиектелген жылтыр қалпақ. Бір кезде конквистадорлар аттарындағы сияқты, көксандалмен ою-өрнек жүргізілген әшекейлі жабуы бар, шығыс мәнерімен мексикан шеберлері жасаған ер үстінде еркін отырған салт аттыны көріп пе едіңіз? Иә, осындай бір кабальероны көз алдыңызға келтірсеңіз — плантатор мен оның серіктері антарыла қарап тұрған жігіт те тап осы сияқты еді.

Күйме пердесін ысырыңқырап қойып, аттылы жігітке қараған жаутаң көзден өзгеше бір ыстық ықылас құйылып тұрғандай. Луиза Пойндекстер өз өмірінде тұңғыш рет қыз қиялын оңашада талай-талай тербеген нағыз ер бейнелі жігітті көріп отыр. Жас креолканың жүрегін қалай толқытқанын білсе, бейтаныс жігіттің көңілі, әрине, біраз өсіп қалар еді. Бірақ ол мұны қайдан білсін. Жігіт дүниеде осындай бір қыздың бар-жоғынан бейхабар да ғой. Ол шаң басқан күймеге самарқау ғана көз тастады — көзге қораш бақашанақ ішінде асыл маржан жасырынып жататынын ескермеген кісі ғана осылай қарар еді.

— Барар жеріңізге адаспай жету үшін жол сілтейтін бір белгі тапсам бұйырмасын! — деді салт атты керуен иесіне қарап. — Мен ол жолды жақсы білем. Сіз бекіністен бес мильдей төменірек жерден Леонаны кешіп өтесіз, ал сол өткелден мен өтемін, ендеше сіздер менің атымның ізімен адаспай жүріп отырсаңыз болғаны. Көріскенше кош, мырзалар!

Осылай оқыс қоштасқан бейтаныс жігіт атына тақым басты да, тасырлатып шаба жөнелді. Жігіттің бұл мінезі плантатор мен оның серіктеріне ерсі көрінді. Олар аузын ашып сөйлесем дегенше, әлгі жастың қайтып келе жатқанын көрді. Араға он шақты секунд салмай жатып ол бұлардың қасына келіп жанаса берді. Бұлар оның неге қайта келгеніне түсіне алмай аң-таң болып тұр.

— Менің атымның ізінен сізге келер пайда шамалы ма деп қорқам. Өрттен кейін осы маңнан өткен жабайы құбыжықтар әбден шиырлап кетіпті. Әрине, менің атым

тағалы, бірақ сіз далада із кесіп дағдыланған кісі емессіз, сол себепті де із айыру сіздерге қиын болар, оның үстіне кебірсек күлге түскен ат ізінің бәрі бірдей болып көрінеді ғой.

– Онда біз қайтеміз? – деді плантатор торыққан үнмен.

– Сіздермен бірге жүре алмайтыныма қатты өкінемін, мистер Пойндекстер. Мен бекініске бір хатты тез жеткізуім керек еді. Егер сіздер менің ізімнен айрылып қалсаңыздар, күн оңыңызда, ал жүріп келе жатқан бетіңізден көлеңкеңіз солыңызға он бес градуустай бұрышпен түсетіндей етіп тарта беріңіздер. Бес мильдей жерге шейін түп-тура жүресіз. Сосын бір биік ағаштың – кипаристің қарасын көресіз. Оны күреніткен түрінен танысыз. Сосын солай қарай төтелей салыңыз. Ол тура өзеннің жар қабағында, өткелге жақын жерде.

Жас жігіт тізгінін жинап шаба жөнелмекші болды да, әлдебір себеппен кідіре берді. Ол күйме пердесінің ішінен жалт еткен нәркес көзді шалып қалды, мұндай өткір көзді тұңғыш көруі. Әлгі перизат дереу жүзін жасыра қойды, бірақ оның атқан тандай жарқ еткен сұлу ажары жігіт назарынан тыс қалмады. Жігіт ол түгіл қыздың бір өзіне ғана жәудіреп қиыла қарағанын сезді. Тіпті сұлуға жайнандап қарап та үлгірді, бірақ мынау бір көргенсіз бейбақ екен деп ойлап қалмасын деп, ат басын жалт бұрды да, өзіне алғыс айтқан плантаторға ишарат жасады.

– Маған алғыс айтып қайтесіз, мырза, сізді тағы да катал тағдыр талқысына тастағалы тұрмын. Қайтейін, уақыт тар болғасын лаж бар ма, – деді бейтаныс жігіт.

Ол бұларды тастап, саяқ кететініне қынжылғандай сағатына қарады.

– Сіз бір рақымды кісі екенсіз, сэр. Мегзеген жағыңызға қарап жүрсек адаспаспыз деп ойлаймын. Күн де бізге болысар, – деді Пойндекстер.

– Күн бұзылып кете ме деп қорқам. Терістіктен бұлт өріп келеді. Бір сағатқа жетпей ол күн көзін де басар... Сіздер кипарис көрінетін жерге жетем дегенше күн бүлінбесе неғылсын... Сіздерді бұлай қалдыруға болмас... Бәлі, бір айласын таптым білем, менің сүйреткен